

**СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

**ВИРТУАЛДЫ КІТАП КӨРМЕСІ!**

**СЕМЕЙ ҚАСИРЕТІ**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы МУ-інде белгілі жазушы, драматург, публицист, «Құрмет» орденінің иегері, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, Жазушылар одағының мүшесі. Медеу Сәрсекімен кездесу кеші өтті.



Ұлт зиялылары туралы көптеген кітаптар жазып, жұрттың ілтипатына бөленген қайратты қаламгер Медеу Сәрсекенің «Семей қасіреті» атты деректі кітабының тұсау кесер рәсімі Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде өтті.



Медеу Сәрсекен “Семей қасіреті” кітабын таныстыруда.



Медеу Сәрсеке “Семей  
қасіреті” кітабын  
таныстыруда.



Ғылыми кітапхана "Медеу Сәрсекке – 80 жаста" атты кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге автордың әр жылдағы шығармалары, ол туралы мақалалар және фотосуреттері қойылды.



Кітап көрмесімен танысу  
сәтті.



МЕДЕУ СӘРСЕКЕ

Семей  
қасіреті





## 84(5Каз)-46

**С28 Сәрсек, М. Семей қасіреті:** деректі тарихи хикаят / М. Сәрсек;  
картиналардың авторы Кәріпбек Күйіков.- Астана: Фолиант, 2016.- 852б.

Ертіс өңіріндегі қалың елдің шерлі тағдырын шынайы деректер арқылы бейнелеген тарихи туындының арқалар жүгі ауыр. Ғасырлық қасірет зардабын отбасымен бірге тартқан Семей өңірі тұрғындарының аянышты ауыр тағдырын баяндаған хикаятта көптеген түйткілді жағдайдың түйіні шешіледі. Ғаламдық проблемаға айналған бұл аймақты зерттей, зерделей түсу болашақтың еншісінде. Автордың өз сөзімен айтқанда, «көзден жас ағызып, көңілді қарадай қарайтар оқиғалар жария болар мезгіл әлі алда, мына кітап беташар біреуі ғана...»

«Толған ел тарихын жақпар тасқа жазады. Тозған ел басынан кешкенді көз жасымен жуады» деген уәжге бағып, ел-жұртыммен бірге басымнан кешкен ғасырлық қасіретті шертпей өмірден аттансам – жер басып жүргеніне мез тоғышардың бірі болам-ау деген жегі ой мені жиі мазалап, әсіресе полигон таратқан ауыр дерттен дәрігерлер жәрдемімен сауыққан кезімде жазу үстеліне шегендегені анық...» – деген жүрекжарды сырын М. Сәрсек осы кітаптың алғысөзінде бекерге жазбаған.

Осы ойдың жетегімен туған «Семей қасіретінде» шертілетін ащы ақиқатқа кешегі ХХ ғасырда адамзат қауымына ел билеушілері жасаған қастандық жайында деректі эссе түрінде өрілген кітапты оқу үстінде иланасыз.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!**

Дайындаған : Г.С.Майшекина